

## 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 552 Қаулысы. Жамбыл облысы Талас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда 93 нөмірімен тіркелді

**Р Қ А О** е с к е р т п е с і :

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабына сәйкес және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландырудың ережесі» негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы ұйымдардың тізбесі 1 қосымшаға 1 сәйкес бекітілсін.

2. 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары бекітілсін және қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс 2 қосымшаға с ә й к е с а й қ ы н д а л с ы н .

3. «Талас ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

**Ескерту.4-тармақ алынып тасталды- Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2010.10.06 № 439 Қаулысымен.**

5. Осы Қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

6. Осы Қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Г. Тұрсынбековаға жүктелсін.

Аудан Әкімі

О. Жиенқұлов

«КЕЛІСІЛДІ»

«Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің  
Талас аудандық Ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б . Б ү р к і т б а е в

30 желтоқсан 2009 ж.

Т а л а с а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
 2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
 № 552 Қаулысына № 1-қосымша

**Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - Талас аудандық әкімдігінің 2010.10.06 № 439 Қаулысымен.**

### **2010 жылға қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі**

1. «Қаратау қаласы Әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
2. «Талас ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ұлбике ақын атындағы мәдениет орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Т а л а с а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
 2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
 № 552 Қаулысына № 2-қосымша

**Ескерту. 2-Қосымша жаңа редакцияда - Талас аудандық әкімдігінің 2010.10.06 № 439 Қаулысымен.**

### **Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, сұраныс пен ұсыныс, қатысушылардың еңбекақасының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздері**

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Атқарылатын жұмыс көлемі мен нақты жағдайлары	Сұраныс	Ұсыныс	Қатысушылардың еңбекақасының мөлшері (бір қатысушыға) және оларды қаржыландырудың көздері
1	Көркем безендіру, көгалдандыру және қайта жаңғырту жұмыстары	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша, жұмыс мерзімі-6 ай. Қала бойынша көркем безендіру-50 километр. Қайта жаңғырту жұмыстары -3276 шаршы метр, қоқыстан тазарту-1600 тонна.	18	18	18110 теңге Жергілікті бюджеттен
2	Нысанды күзетуге көмектесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша, жұмыс мерзімі- 6 ай.	4	4	18110 теңге Жергілікті бюджеттен
Барлығы:			22	22	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК